

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨңІРЛІК ХАБТЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Біз, Мемлекеттік қызмет саласында білім және тәжірибені тарату жөніндегі өңірлік хабтың құрылтай конференциясының қатысушылары (бұдан әрі – Өңірлік хаб),

Қазақстан Республикасының Астана қаласында ашықтық, мөлдірлік және еріктілік қағидаттарында, мақсаты мемлекеттік қызмет саласында білім мен тәжірибені үздіксіз алмасудың институционалды жүйесін қалыптастыру болып табылатын Өңірлік хабты құру мәселелерін талқылауға жиналып,

тұрақты даму үшін мемлекеттік қызметті жетілдірудің маңыздылығын, мемлекеттік қызмет саласында жинақталған өңірлік және әлемдік тәжірибені үнемі алмасудың қажеттілігін түсіне отырып;

мемлекеттік қызмет саласында білім мен тәжірибені үздіксіз алмасу үшін сарапшылар желілерін және институционалды мүмкіндіктерін қалыптастырудың қажеттілігін түсіне отырып, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерді оқыту және біліктілігін арттыру үшін;

мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау мен жаңғырту шараларын әрбір қатысушы – ел дербес айқындайтындығын, бұл ретте жинақталған халықаралық және өңірлік тәжірибені ескере отырып

МӘЛІМДЕЙМІЗ:

Біз, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының бастамасын құптаймыз және Астанада Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты құру ниетімізді мәлімдейміз.

Біз Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабтың негізгі міндеттері болып:

- өңір елдеріндегі ағымдағы мемлекеттік қызмет реформаларын талдау;
- кәсіби және сараптамалық жүйенің ынтымақтастығы мен әлеуетін нығайту;
- алдыңғы қатарлы тәжірибені үздіксіз алмасу үшін жағдай жасау және институционалды алаңды қалыптастыру;
- бірлескен бағдарламаларды, жобаларды және түрлі іс-шараларды жүзеге асыру;
- өңірде мемлекеттік қызмет мен халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасының жүйесі жетілдірілуіне жәрдемдесу табылады деп санаймыз.

Өңірлік хабты тиімді басқару мақсатында біз Өңірлік хабты басқарушы комитетті құруды жоспарлаймыз.

Біз Өңірлік хабты құру кезеңінде оның қызметін қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының бастамасын құптаймыз және қосымша қаржыландыру көздерін іздестіру және тарту туралы келісімге келеміз.

Біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен БҰҰ Даму Бағдарламасының Өңірлік хабты құру жөніндегі жұмысқа кірісуін, оның хатшылығының құрылуы және жұмыс істеуін қамтамасыз ету ниеттерін құптаймыз.

Біз Қазақстан Республикасына Өңірлік хабтың құрылтай конференциясын ұйымдастырғаны үшін өз алғысымызды білдіреміз.

Астана қаласы, 15 наурыз 2013 жыл